

## Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № С-23/8 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 қаңтарда № 3984 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 18 сәуірдегі № С-9/16 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 18.04.2017 № С-9/16 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Көкшетау қаласының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*23 кезекті сессияның төрағасы,  
бесінші шақырылған Көкшетау  
қалалық мәслихатының  
хатшысы*

*Б.Бегалин*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Көкшетау қаласының әкімі  
"Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрлігінің  
Ақмола облысы бойынша  
Салық Комитетінің  
Көкшетау қаласы бойынша  
Салық Департаментінің  
Салық Басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы*

*Ж.Жұмағұлов*

*Қ.Батталов*

Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2013 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ С-23/8 шешіміне  
қосымша

## Салық салынатын объектінің бірлігіне айына бірыңғай тіркелген салық ставкалары

№ р/р	Салық салу объектісінің атауы	Айына тіркелген салық базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіштерінде)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	5
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2,5
4	Ойын жолы	40
5	Карт	5
6	Бильярд үстелі	9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ